Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 5-7

ЖАСТАРДЫ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Сагалиева Ж. К.

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан – әлемдегі мұсылмандар, православтар, католиктер, протестанттар, буддистер, иудеилер сияқты көптеген дін өкілдерінің бірлікте, бейбітшілікте, конфессияаралық келісімде өмір сүріп келе жатқан мемлекет» екенін баса айтып өткен. Ал, Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында: «Жас қазақстандықтарды толеранттылық құндылықтар, келісімділік пен ұлтаралық қатынас мәдениеті негізінде тәрбиелеу» керектігін мәселе ретінде көтерген. *ЮНЕСКО-ның «Толеранттылық қағидаларының декларациясында» бір-бірімізді тұлға ретінде сыйлауымыз керек, әр адамның түр келбетіне, әлеуметтік жағдайына, құндылықтарына, жүріс-тұрысына қарамастан, ол өмірде өз даралығын сақтауы керек. Әлемде бейбітшілік пен мейірбандықта өмір сүруі керектігі жайлы айтылған*.

Елбасы қазақстандық қоғамның ерекшелігін ескере отырып, білім және тәрбие беру жүйесі арқылы жеке тұлғаның этносаяси мәдениеті мен білімін дамыту тұжырымдасын даярлап, азаматтық толеранттылықты дамытуға байланысты іс-шаралар ұйымдастыруды міндеттейді.

Бүгінгі қоғамда толеранттылықты дамыту проблемасының нақты әлеуметтік тәжірибесі жайлы теориялар шетелде және отанымызда философия, мәдениеттану, саясаттану, тарих, педагогика ғылымдары саласында, әлеуметтік мәселе ретінде біршама зерттелген.

Бұл салада толеранттылық туралы ойлар еуразиялық идеяның геосаяси шынайылығын зерттеу мәселесі шетелдік ғалымдар А.С.Панарин, А.Г.Дугиннің және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Ал, қоғамдық өмірдегі толеранттылықтың орны мен ролі, толеранттылықтың әлеуметтік-мәдени және этникалық сипаттары Б.С.Гершунский, В.А.Лекторский, А.Н.Леонтьев, М.Мчедлов т.б. еңбектерінде қарастырылады.

Қазақстандық толерантты қоғам мен мәдениеттанушылық ойлар Ғ.Есім, Ғ.Ақмамбетов, С.Темірбеков, С.Ю.Колчигин, Г.В.Малинин, Д.К.Кішібеков, А.А.Хамидов зерттеулерінде талданады.

Ал, қазіргі кезеңде еуразиялық дамудың келешегіне талдау жасаған Н.Р.Аршабеков, В.К.Кантора, Г.К.Искакова, М.М.Тажин, Н.М.Құрманбаев еңбектерінде еуразиялық идея проблемалары, ұлттық өзін-өзі теңестіру, ментальдық және логикалық аспектілер тұрғысынан қарастырған.

Жеке тұлғада толеранттылықты қалыптастырудың жалпы мәселелерін Б.А.Тұрғынбаева, М.Н.Шаяхметова қарастырса, дінаралық толеранттылық мәселелерінің аспектілерін С.Әмірғазин, ал ұлтаралық қатынастар педагогикасының теориялық негіздерін Г.А.Уманов зерттеген.

Толеранттылық ұғымының мәні тереңде жатыр**.** Антика дәуірінің ойшылдары тиімді әсер етудегі төзімділіктің рөлін мойындаған. Сократ, Платон «төзімділікті» интеллектуалды аскетизммен байланыстырады және адамдардың рухани және әлеуметтік бірігуінің алғышарты ретінде, Аристотель «төзімділік» деп заттар мен адамдардың тең тіршілік ету мүмкіндігін атайды.

Ал орта ғасырдың философия іліміне толеранттылық ұғымын діни фанатизмді қабылдамаушылық пен шеттетуді жеңу жолы деп қарастыру тән десе, Еуропада философтары С.Кастеллион, П.Бейль, Дж.Локк және т.б. төзімділік мәселесіне деген қызығушылықтары діни соғыстар кезеңінде пайда болады деп атап өткен. Сонымен, 1361 жылы Ларусс сөздігіне «Толеранттылық» ең алғаш рет ұғым ретінде енген.

Ағылшын этимологиясының Оксфорд сөздігі «tolerance» ұғымының XY ғасырға, ал «toleration» ұғымының пайда болуын XVI ғ. жатқызады. Егер XY ғасырда ол «төзімділік», «ауруға төзу қабілеті» мағынасында қолданылса, XVI ғ. «ризалық», «ұстамдылық», «сабырлылық» ұғымдары ретінде қолданысқа енген. Қоғамдық сана эволюциясының толеранттылық ұғымына ғаламдық мән бере отыра, кеңейтуі оны қайта қарауға ықпал етті. Мысалы: В. Даль орыс тілінің түсіндірмелік сөздігінде толеранттылық (лат. *tolerantia* – төзімділік, көнбістік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті деп түсіндіреді. «*Толерантный*» («толеранттылы»), «*толерантность*» («толеранттылық») сөзі латын тілінен француз тіліне, кейін еуропа тілдеріне енген. Сөздің мәні «рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын» дегенді білдіреді. Педагогика ғылымында толеранттылықты - төзімділік, шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін таңдау, келісімін табу деген мағына береді .

Ендеше, «*толеранттылық*» ұғымның қолданылу аясында мәні бір мағына беретінін ескеріп, «*толеранттылық*» ұғымын мемлекеттерге, діндерге, этностарға, жеке тұлғаға қатысты қолдануға болады деген қорытындыға келеміз.

Толеранттылық, толеранттылыққа тәрбиелеуге байланысты халық арасында, философия, мәдениеттану, саясаттану, тарих, педагогика ғылымдарында түрлі ойлар бар. Мысалы: XVIII ғасырдағы француз жазушысы және философ Вольтер: «Сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ сізге оны жақтау үшін мен өмірімді құрбан етуге дайынмын», – деген. Ал осы ой толеранттылықтың басты қағидасы болып табылады.

Француз философы Клод Адриан Гельвеций дінаралық қақтығыстарды ешқандай ақыл-парасатпен ақтауға болмайтындығын айта кетіп, адамдардың наным-сеніміне бұйрық, зорлық жүрмейді деген.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Хангелді Әбжанов: «Толеранттылық түсінігіне қазақтың сабырлылық ұғымы дәл келеді деп ойлаймын. Қазақ «Сабыр түбі – сары алтын» дейді. Халықтың толеранттылығы және мемлекет құраушы ұлттың толеранттылығы болды. Екеуінің миссиясы бір-

бірінен бөлектеу болды деп айтуға болады. Ал, енді бодан халықтың толеранттылығы шектен шығып кетсе, ездікке апарады. Керісінше, мемлекет құраушы ұлттың толеранттылығы шектен шығып кетпесе, онда ол басқа ұлттарды, этносты біріктіруші факторы саналды», – деген.

Саяси ғылымдар докторы, профессор, С.Борбасов: «Ұлттық толеранттылық біздің жалпы, тарихи мәдени кеңістігімізде қоғамды топтастыратын белгілі фактор болып отыр. Бұл ұлтаралық қатынастарды, саяси тұрақтылықты реттеудің маңызды факторы», – деп атап өткен .

Егер, толеранттылықты саяси тұрақтылықты, қоғамдық келісімді, әлеуметтік түсінушілікті, татулықты, ұлтаралық келісімді қамтамасыз ететін құндылық деп қарастырсақ, толеранттылық құндылықтың философиялық мағынасын талдайық.

«Құндылық» ұғымы философия ғылымында белгілі бір болмыс құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мағынасын көрсету үшін кең түрде қолданылатын термин. Құндылықтардың табиғаты және олардың қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, мәселе, осыған дейін адам мен қоғам, мәдениет пен өркениет, табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынастарға байланысты қарастырылады. Тиісті құбылыстарды бағалау әрекетін іске асырудың тәсілдері мен өлшемдері қоғамдық сана мен мәдениетке адамның қызметінің нысаналарын көрсететін «субъектілік құндылықтар» нұсқаулар және бағалар, тыйым салулар, мақсаттар және жобалар ретінде қолданылады.

Сонымен, педагогикалық тұрғыда толеранттылықты – төзімділік, шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін таңдау, келісімін табу деген мағына береді деген қорытындыға келсек, ал осы сапаларды адамгершілік құндылықтар ретінде қарастырсақ, өзге ұлттың тілін біліп, мәдениетін, ділін, нанымын оқып үйреніп дүниетанымымыз кеңісе, оны өз мәдениетімізбен салыстыра атырып, артықшылығы мен кемшілігін ұғынуымыз тұлғалық дамуымыздың көрсеткіші ретінде толераттылықты адамгершілік, мәдени, рухани құндылықтардың құрамдас бөлігі тұрғысында қабылдай аламыз.

Ендеше, толеранттық құндылық – адами, мәдени, ұлттық, рухани құндылықтардың құрамдас бөлігі ретінде адамдардың өзін ұстауын реттеп, оның шынайы тәртібін айқындап, құндылық мазмұны ретінде қоғамның жетістіктерімен шарттасады.

Толеранттық құндылық нысаналары білім алу барысында өзінен-өзі қалыптасады деп есептеуге болмайды. Толеранттық құндылық бағыттарының қалыптасуы тиісті сана- сезімді тәрбиелеп, адамның эмоциялдық өрісін дамытқан кезде ғана іске аспақ, немесе бағытты тәрбиелік әсер етуді талап етеді.